## Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы** : Дөңгілаған НОМ
**Сынып**: Мектепалды даярлық
**Балалардың жасы**: 5 жас
**Жоспардың кезеңі** : 23-27 қаңтар айы 2023ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау **13:50** | | | | | |
| Ата- аналармен әңгімелесу кеңес беру,балаларды жан-жақты қарап қабылдап алу,дене қызуын бақылау,ата-анасынан түнгі ұйқысы қалай болғандығын сұрау,күнделікті мектепке әкеліп,алып кетулерін қадағалау. Мәдени-гигиеналық әрекеттер мен дағдылар,ұйымдастыру шаралары ,балалардың қызығушылығына,көңіл күйіне назар аудару | | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | | | | | |
| Балалармен ойындар ҮІӘ дайындық | 1.Сөйлеуді дамыту<br>2. Математика негіздері<br>3. Сауат ашу негіздері<br>4. Дене шынықтыру | 1. Қоршаған ортамен танысу<br>2. Қазақ тілі<br>3. Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1. Сауат ашу негіздері<br>2. Математика негіздері<br>3. Қазақ тілі<br>4. Дене шынықтыру | 1. Сөйлеуді дамыту<br>2. Қоршаған ортамен танысу<br>3. Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1.Сауат ашу негіздері<br>2. Математика негіздері<br>3.Шығармашылық іс-әрекет<br>4.Дене шынықтыру |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеулі дамыту**<br>**Міндеті**:Дыбыстық талдау жасауға үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.<br>**Ойын-жаттығуы «Сұрақ жауап»**<br>1)Қазір жылдың қай мезгілі?<br>2)Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>3)Қардың түсі қандай?<br>4)Қар қайтіп жауады?<br>5)Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>**Сергіту жаттығуы**<br>Қыс сөзіне дыбыстық | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті**: Балаларды жансыз табиғат түсінігімен таныстыру; жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.<br>**Балаларға тапсырма беріледі:**<br>Бірінші балаға матаны зерттеуді ұсынады.<br>Екінші баланың жұмысын қағазды зерттеу бағытында ұйымдастырады.<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br>**«Тағы не істейді?» ойын-жаттығуы** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті**: Сөйлем құрау дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру.<br>**«Артығын тап» ойыны.**<br>Ойын шарты:Балалар сөздер арасынан артық сөзді табады<br>1. Қыс, көктем, жаз, күз , үз. *(үз)*<br>2. Жел, жаңбыр, қар, боран, қыршақ, бұршақ. *(қыршақ)*<br>3. Шаңғы, коньки, шана, ана. *(ана)*<br>4. Әке, ана, іні, әже, аға, таға. *(таға)*<br>5. Тандырай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті**:Дыбыстық талдау жасауға үйрету. Қыс белгілері жайлы әңгімелесу.<br>**Ойын-жаттығуы «Сұрақ жауап»**<br>1)Қазір жылдың қай мезгілі?2)Қыс мезгілінің ерекшеліктері қандай?<br>3)Қардың түсі қандай?<br>4)Қар қайтіп жауады?<br>5)Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>**Сергіту жаттығуы**<br>**Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасау** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**сөзді буынға бөлу,дыбыстық талдау жасау дағдыларын бекіту.<br>**Дидактикалық ойын «Жалпы атауын айт»**<br>1.Тәрелке, құмыра, кесе, шыныаяқ – ... *(ыдыстар)*<br>2. Карамель, ирис, шоколад – ... *(кәмпиттер)*<br>3. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талдау жасау<br>Қ-дауыссыз дыбыс<br>Ы-дауысты дыбыс<br>С-дауыссыз дыбыс<br>**Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?»**<br>Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Үлгіден ұзынырақ,жоғарырақ,жуанырақ және оған тең заттарды табуды,белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>**Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**<br>Балалар,кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа,кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?<br>Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады,содан кейін балалар орын алмастырады.<br>Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын | Ойын шарты: балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.<br>1.Үйрек суда жүзе алады,тағы не істейді?<br>2.Сүңгиді, жерде жүреді,ұшады, барылдайды.<br>3.Мысық тышқан аулайды, одан басқа тағы не істей алады?<br>4. Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді.<br>5. Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?<br>6.Қалта шам, шам, көліктің шамы...<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ойлап да аяқта»**<br>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, сөйлеу барысында қолдануларын қалыптастыру.<br>Тілдің грамматикасын дұрыс сақтауын қалыптастыру, сөйлеу іскерліктері мен сөздік қорын байыту.<br>Шарты: Берілген сурет бойынша тәрбиеші сөздерді | *(күлдіреуік)*<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалаушa»**<br>Ойын шарты:Балаларға дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»**<br>Ойын шарты: Балаларға сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтылады. Балалар соңғы буынды қосып сөзді табады.<br>Мысалы: аққа...ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, алма..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, шалда..ма, даріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, шал..тар, ал..ма<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Жыл мезгілдерін ата. Қазір жылдың қай мезгілі? Күз, қыс, көктем, жаз сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>2. Суреттерді ата. Буынға бөл.<br>3. Дыбыстық талдау жаса.<br><br>**2. Математика негіздері** | Қ-дауыссыз дыбыс<br>Ы-дауысты дыбыс<br>С-дауыссыз дыбыс<br>**Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде ойнаймыз?»**<br>Ойын шарты: Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап, қай мезгілде ойнайтынын айту.<br>**Дәптермен жұмыс**<br><br>**2. Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:** Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету.<br>**Дидактикалық ойыны. «Қайсысы артық?»** Ойын шарты:жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді; ағаштардың жапырағы сарғаяды; ұлпілдеген ақ қар жауады).<br>**Әліппе-дәптермен жұмыс.**<br><br>**«Сиқырлы қапшық»** | кішкене бөбек, пышпар шүмек – ... *(саусақтар)*<br>4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... *(киім)*<br>5. Тымақ, қалпақ – ...*(бас киім)*<br>**Дидактикалық жаттығуы «Тиісті белгіні көтер»**<br>Ойын шарты: Балаларға жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда,қызғылт сары дөңгелекті көтереді.<br>**Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)**<br>Ойын шарты: Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе бір-бірімізге аркамызды такап тұрамыз.<br>**демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**Дәптермен жұмыс**<br>**3,4-тапсырмаларды орындау**<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөйлем құрау дыбыстық талдау жасау іскерліктерін калыптастыру.<br>**«Артығын тап» ойыны.**<br>Ойын шарты:Балалар сөздер арасынан артық сөзді табады<br>1. Қыс, көктем, жаз, күз , үз. *(үз)*<br>2. Жел, жаңбыр, кар, боран, куыршақ, бұршақ. *(куыршақ)*<br>3. Шаңғы, коньки, шана, ана. *(ана)*<br>4. Әке, ана, ата, әже, аға, таға. *(таға)*<br>5. Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. *(күлдірген)*<br>**Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»**<br>Ойын шарты:Балаларға дыбыстар айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер | айтад, ал балалар аяктайды.<br>Қарға ұшады,ал ат ...(шабады)<br>Ит үреді, ал карға...(карқылдайды)<br>Жылан жорғалайды, ал балық...(жүзеді)<br>Қасқыр ұлиды, ал кой...(маңырайды)<br>Түйе боздайды, ал жылқы...(кісінейді)<br>Лимон қышқыл, ал кант...(тәтті)<br>**2.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын: «Не көріп тұрсың?»**<br>– Қуыршақтың дене мүшелерін атаймыз.<br>Мынау – басы. Мынау – қолы. Мынау – аяғы. Бұлар – дене мүшелері.<br>**Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз»**<br>Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.<br>Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу.<br>Шарты: бет- әлпеттің | **Міндеті:** Фигуралардың атауларын:дөңгелек,сопақша, үшбұрыш,шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын:шар,текше,цилиндр бекіту,көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға осы пішіндерді қоршаған ортадан табу<br>**«Мені таны» ойыны**<br>Ойын шарты:Балаларға жұмбақ оқылады.Балалар жұмбақтың жауабын суретте бейнеленген фигуралар арқылы табады<br>1.Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам, Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)<br>2. Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін, Тікбұрышқа аға болам, Шаршы деген мен болам. (Шаршы.)<br>3. Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңгелек).<br>4. Менен де бұрыштар таппайсың,<br>Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын,<br>Екі жағымнан қысыңқырап,<br>Екі жағымнан сәл | Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.<br>**«Үйдің есігін жабайық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.<br>Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**Әңгіменің мағынасын интонациямен | немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла).<br>Ойынды өзгертуге болады.<br>**Ойын жаттығуы «Кәне, тауып көр»**<br>Ойын шарты: Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз ба, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер.<br>Мысалы:<br>[р], -ба-, аққала, ар-, ос- , ка-, [е], [т], [к], та-, ен-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г],<br>[ш], сөз, көз, бала, жа-, үс-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша- , ет, елік, білезік, күнбағыс, ұр-, ын-,<br>лек-, діз-, тик-, қыш-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, ем-, ек- ,іс-, діз-, ік-.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Суретте бейнеленген заттарды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>**Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»**<br>Ойын шарты: Балаларға сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтылады. Балалар соңғы буынды қосып сөзді табады.<br>Мысалы: аққа..ла, ба..ла, ба..нан, бан..тик, аска..бақ, са..біз, домбы..ра, кем..пы, балмұз..дақ, алдля..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам..сап, қыза..нақ, бұл..ақ, кесілді..рік, тоңазы..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..ке<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Жыл мезгілдерін ата. Қазір жылдың қай мезгілі? Күз, **қыс, көктем,** жаз сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сызбасын сыз.<br>2. Суреттерді ата. Буынға бөл.<br>3. Дыбыстық талдау жаса.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Өз денесін басқаруды жалғастыру,өз | мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу.<br>Күліп тұрған бала<br>Ренжіп тұрған бала<br>Аузын ашып тұрған бала.<br>Аузын томпайтып тұрған бала т.б суреттер<br>**Дидактикалық ойын «Қайтала, көрсет».**<br>Балаларға киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді.<br>Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде.<br>**Тақпақты жаттау**.<br>Не үшін?<br>– Екі көзім не үшін керек?<br>– Жақсыларды көру үшін.<br>– Екі қолым не үшін керек?<br>– Елге көмек беру үшін.<br>– Құлақ деген не үшін керек?<br>– Ақыл кеңес тыңдау үшін.<br>(Қадыр Мырза Әли)<br>Суреттерге қара. Дене және сезім мүшелерінің атқаратын қызметіне қарай сөйлем құра.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**Қоршаған орта | созыңқырап. (Сопақша.)<br>5.Мына пәлекке қара –<br>Қақпағы мен түбі бар,<br>Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған. (Цилиндр.)<br>6.Бұл дене доп болып секіреді,<br>Қарбыз болып домалайды,<br>Толықсыған ай болып күлімдейді,<br>Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.)<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**Дидактикалық ойын «Бұл неге ұқсайды?»** Ойын шарты:Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1,2-тапсырманы орындау<br>**3. Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**Тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып сөйлем құрауға үйрету.<br>**Тақпақ жаттау.**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>**Сабын**мен қол жуамын.<br>**Сүлгі**мен сүртемін,<br>Айнаға қараймын,<br>Шашымды **тарақпен** тараймын.<br>Мен ұқыпты баламын.<br>**Дыбыстық жаттығу** | мазмұндауға дағдыландыру.Кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу.<br>**Жұмбақ**<br>Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? *(Мақта)*<br>**Мақта**-жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта» деген қызықты әңгімесін мәнерлеп оқимыз<br>**Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз»**<br>Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.<br>Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс айтқызу.<br>Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сәттерді салу.<br>Күліп тұрған бала<br>Ренжіп тұрған бала<br>Аузын ашып тұрған бала | ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.<br>2. Суреттерге қара. Ө дыбысы бар сөздерді ата. **Өгіз, көл** сөздеріне дыбыстық талдау жаса.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Фигуралардың атауларын:дөңгелек,сопақша,үшбұрыш,шаршы,тіктөртбұрыш, денелердің атауларын:шар,текше, цилиндр бекіту.Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға осы пішіндерді қоршаған ортадан табу<br>**«Мені таны» ойыны**<br>Ойын шарты:Балаларға жұмбақ оқылады.Балалар жұмбақтың жауабын суретте бейнеленген фигуралар арқылы табады<br>1.Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам,<br>Үш бұрышым, үш |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу.<br>**«Мұқият бол!» ойыны**<br>Балалардың барлығы Педагогтің белгісіне мұқият қарап, сәйкес қимылдар жасайды.<br>Жасыл жалау көтерілсе – жүреді, қызыл көтерілсе – шұғыл тоқтайды.<br>**Мимикалық жаттығулар**<br>1.Маңдайын жиырып, қабағын көтереді, босатады. 1 мин маңдайын жап-жазық етіп ұстауға тырысады.<br>2.Қабағын түйіп (ашуланып), қасын босатады.<br>3.Көздерін бақырайтып (қорқып), көздерінің үстін қайта босату (жалқаулану).<br>4.Танауын керіп (бір иісті сезгендей демін ішіне тартып), демін сыртқа шығарып, босаңсу.<br>5.Көздерін қысып, жұмып, қайта босаңсу.<br>6.Көздерін сығырайту, қайта босаңсу.<br>7.Үстіңгі ернін көтеріп, мұрнын жиыру, қайта | туралы түсінігін дамыту.<br>Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу.<br>**Ертегі**- әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру.<br>Ертегі ойдан, қиялдан туады.<br>**Орыс халқының «Алтын балта» ертегісін еске түсіру.**<br>**«Бөлшектерінен тап» ойыны**<br>Ойын барысы:Балаларға кез-келген аң құсқа байланысты сөздер айтады.Балалар ол қандай аң немесе құс екенің табады.<br>1. Көз, ауыз, желбезек – ... *(балық)*<br>2. Бас, қанат, аяқ – ... *(құс)*<br>3. Құлақ, көз, жал – ... *(жылқы)*<br>4. Бас, мүйіз, сақал – ... *(ешкі)*<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Не істеу керек?»**<br>Ойын шарты:<br>Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда.Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.<br>2.Жұмбақты шеш<br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканы тыңдай | **(айнамен қайталау).**<br>Қ-қ-қ-та-за-лық-ты сүй-е-мі-із - тазалықты сүйеміз.<br>Ү-ү-ү-ү- сү-үл-гі- сүлгі.<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Кім жылдам»**<br>Ойын барысы: балалар суреттер берілген қыз бен жігітке киімдерді топтастырып, киім үлгісіне атау береді. Жасау уақыты: 1-2 минут<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Сөйлемді аяқта»**<br>– Тазалықты...... (сүйеміз) .<br>– Сабын, жөкемен...... (денемізді жуамыз).<br>– Сүлгімен..... (денемізді сүртеміз).<br>– Тарақпен .... (шашымызды тараймыз).<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Өол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру,өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қояға тәрбиелеу.<br>Қол жаттығуларын шеңбер | Аузын томпайтып тұрған бала т.б суреттер<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1.Суретті қара. Ертегінің жүйесін сурет бойынша баянда.Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.<br>2.Жұмбақты шеш<br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Музыканы тыңдай тырып оның көңіл-күйін ажырата білуге баулу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова).<br>Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.<br>**Музыка тыңдау:** «Вальс» (Қ. Шілдебаев).<br>Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру.<br>«Вальс» – би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді.<br>**Ән айту:** «Айнала ақша қар» (И. Мамаков).<br>**Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын | ұшым бар.<br>(Үшбұрыш.)<br>2. Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін,<br>Тікбұрышқа аға болам,<br>Шаршы деген мен болам. (Шаршы.)<br>3. Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды: Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңгелек).<br>4. Менен де бұрыштар таппайсың,<br>Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап,<br>Екі жағымнан сәл созыңқырап.<br>(Сопақша.) 5.Мына шелекке қара – Қақпағы мен түбі бар,<br>Екі дөңгелекті қосқан – Бір фигураны алған.<br>(Цилиндр.) 6.Бұл дене доп болып секіреді,<br>Қарбыз болып домалайды, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | босаңсу. | тырып оның көңіл-күйін ажырата білуге баулу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Марш» (Е. Андосов).<br>Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақпен жүреді.<br>**Музыка тыңдау:** «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету.<br>Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау.<br>**Ән айту:** «Қыс келді» (Б. Жұмабекова).<br>**Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар музыкаға ілесіп қоянның «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренеді.<br>**Ойындар, хороводтар:** «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер).<br>Ойын шарты: *1-4 такт.* Балалар әр бағытта жүгіреді.<br>*5-6 такт.* Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.<br>*7-8 такт.* Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына | бойымен жүріп келе жатып орындау.<br>2 мин баяу қарқынмен, аяқты өкшеден бастап басына қарай қойып, қолды еркін ұстап, жүгіру. Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**Тыныс алу жаттығулары**<br>1.Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару.<br>2.Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады.<br>3.Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын иық деңгейінде алдыға немесе екі жаққа түзу созып, алақанын төменге қарату. Тыныс алғанда сол қолдың басын жоғары көтеріп, оң қолдың басын төмен түсіру. Дем шығарғанда керісінше сол қолдың басын төмен, оң қолдың басын жоғары қозғалту.<br>4.Бастапқы қалып – сол | үйренеді, «шөп жұлу», «үрку»,«айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді. | Толықсыған ай болып күлімдейді,<br>Күн болып жарқырайды. Ол қалай аталады? (Шар.)<br>**Демонстрациялық материалмен жұмыс**<br>**Дидактикалық ойын «Бұл неге ұқсайды?»**<br>Ойын шарты:Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>3,4-тапсырманы орындау<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Міндеті:**Қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді қию жапсыру,құрастыру,с уретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**«Аяулы әже»** әнің тыңдау<br>**Балаларға еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтау туралы ескерту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүгіреді. | қалыпта балалар екі қолын екі жаққа жұдырығын түйіп, басбармағын шошайтып созады. Тыныс алғанда бас бармақты баяу жоғары, дем шығарғанда төмен қаратады.<br>**Биіктікке секіру.**<br>Жүгіріп келіп, биіктікке (20 см) секіреді. Белгіленген жерге келгенде жүгіріс пен аяқпен итерілуді үйлестіре білу керек.<br>Екі аяқты бірдей созып барып екпінмен шапшаң итерілуге тырысады. Қолмен сермеп көмектеседі.Жүгіріп екпін алған соң кідірмей кедергіге келгенде екі аяқты бүгіп барып қайта жазып итеріліп секіреді. | | **жасау**<br>**Түрлі түсті қағаздармен жұмыс жасау:**<br>Балалар ою-өрнекті бастырып қиюды үйренеді<br>**Саусақ жаттығуы : Бес саусаққа бұйрық.**<br>Бас бармағым – батырым, бар ғой сенің ақылың.<br>Сұқ саусағым батылым, барлық саусақ жақының!<br>Ортан қолым – алыбым, ағасысың бәрінің!<br>Аты жоқ қол – көкешім, қалай бөлек кетесің?<br>Шынашағым – бөпешім, қашан сен ер жетесің?<br>Барлығына бұйрығым: жиналмашы үй бүгін,<br>Босқа ойнап жүрмеңдер, кәне, жұмыс істеңдер!<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**өз денесін басқаруды,.арқаннан ұстап салбырап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тұруды,ептілік,өз бетімен әрекет еті,күштілікті дамыту.<br>Бір-бірден тізбекпен жүру, ирек жолмен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, көзді жұмып 4 м жүру, жіңішке жол, жуан жолмен жүру, жануарлардың ізімен жүру.<br>2 мин. үздіксіз баяу жүгіру.<br>Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>1.Мұрынмен дем алып, ауызбен шығару;<br>2.Қысқа шұғыл дем алып – демін созып өте баяу шығару;<br>3.Баяу, созылмалы тыныс алу – қысқа, шұғыл дем шығару;<br>4.Ауа жіңішке ағыспен шығатындай етіп, баяу созылмалы дем шығару;<br>5.Жұлқып дем шығару;<br>6.Мұрын арқылы баяу тартып, терең тыныс алу, демін кідірте отырып, шығарғанда ауа санап болғанша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жететіндей етіп, 1–10 дейін санау.<br>7.Аракашықтықты сактай отырып, таяктармен жалпы дамыту жаттығуларын орындау. |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту<br>Сактық шаралары<br>Жолда жүру ережелері<br>Жолда жүгірме, бөгелме,бөгде адамдармен сөйлеспе! | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру<br>Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас гигиенасы,<br>Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Жолда жүгірме,бөгелме, бөгде адамдармен сөйлеспе! |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

Білім беру ұйымы : Деңгілағаш ауылының НОМ
Сынып: мектепалды даярлық
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың кезеңі : 30-03 ақпан айы 2023ж

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Қайырлы күн! | | | | |
| Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу | Ата –аналармен әңгімелесу кеңес беру | Балаларды жан жақты қарап қабылдап алу,дене қызуын бақылау. | Ата-анасынан түнгі ұйқысы қалай болғандығын сұрау,күнделікті мектепке әкеліп,алып кетулерін қадағалау. | Мәдени гигиеналық әрекеттер мен дағдылар, ұйымдастыру шаралары ,балалардың қызығушылығына,көңіл күйіне назар аудару | Ата –аналармен әңгімелесу кеңес беру |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?»<br>Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады | Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?»<br>Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды | Құрылымдалған ойын: «Орнын тап»<br>Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады | Еркін ойын: «Бауын байла»<br>Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды. | Еркін ойын: «Ертегілер елінде»<br>Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | 1.Сөйлеуді дамыту<br>2. Математика негіздері<br>3. Сауат ашу<br>4. Дене шынықтыру | 1. Қоршаған ортамен танысу<br>2. Қазақ тілі<br>3. Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1. Сауат ашу негіздері<br>2. Математика негіздері<br>3.Қазақ тілі<br>4. Дене шынықтыру | 1. Сөйлеуді дамыту<br>2. Қоршаған ортамен танысу<br>3.Көркем әдебиет<br>4. Музыка | 1.Сауат ашу<br>2. Математика негіздері<br>3. Шығармашылық жұмыс<br>4.Дене шынықтыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ҮІӘ | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Ә.Дүйсенбиевтің "Қантар" өлеңін жаттау**<br>**Қантар**<br>Лебі мұздай ызғарлы,<br>Алып келді қыс карлы.<br>Қысқы түндер ұзарды,<br>Ұзақ күндер қысқарды.<br>Аяз сүйіп карсы алған,<br>Жердің аппақ тұлғасы.<br>Басталады қантардан,<br>Қыс айының ортасы<br>***Жапалақтап*** – жалпақ, үлкен қарлардың көп жаууы.<br>**Қыс туралы мақал-мәтелдер:**<br>1.Қысына қарай – көктемі,<br>Диқанына қарай – егіні.<br>2.Қар жауды деп қуанба,<br>Артынан келер аязы.<br>3.Қыс қамыңды жаз ойла.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дауыссыз дыбыстарды анықта».**<br>Ойын шарты: «Қантар» | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>**Міндеті:**<br>Саңырауқұлақтың кейбіреуі жеуге жарамды және улы түрлері туралы түсінік қалыптастыру.<br>Балаларды «Саңырауқұлақтар» тақырыбындағы кесінді суреттерді құрастыруға шақырады, ойын барысында саңырауқұлақтарға сипаттама береді.<br>АҚ САҢЫРАУҚҰЛАҚ — қалпағы қоңыр, дөңгелек, сабағы жуан болады.<br>ҚАЙЫҢҚҰЛАҚ — негізінен қайың ағашының түбінде өседі, қалпағы дөңгелек, қара-қоңыр түсті, сабағы жіңішке, биік болып өседі.<br>ТЕРЕКҚҰЛАҚ — қалпағы қызыл, сабағы биік болады.<br>ТҮЛКІШЕК — түсі сары, сабағы аласа, қалпағы иілген.<br>ТОМАРҚҰЛАҚ — ақшыл-қоңыр түсті саңырауқұлақ, сабағы | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын** ***«Жалпы атауын айт»***<br>1. Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*киіз үй құралдары)*.<br>2. Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар)*.<br>3. Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Аксүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар)*.<br>4. Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар)*.<br>5. Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт-дәстүрлер)*. 1. Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... (*киіз үй құралдары)*.<br>2. Сырға, білезік, сақина – ... (*зергерлік бұйымдар)*.<br>3. Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Аксүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар)*.<br>4. Ірімшік, май, құрт, айран – ... (*сүттен жасалатын тағамдар)*. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br>**Ә.Дүйсенбиевтің "Қантар" өлеңін сұрау**<br>**Қантар**<br>Лебі мұздай ызғарлы,<br>Алып келді қыс карды.<br>Қысқы түндер ұзарды,<br>Ұзақ күндер қысқарды.<br>Аяз сүйіп қарсы алған,<br>Жердің аппақ тұлғасы.<br>Басталады қантардан,<br>Қыс айының ортасы<br>**Жапалақтап** – жалпақ, үлкен карлардың көп жаууы.**Қыс туралы мақал-мәтелдер:**<br>1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы.<br>3.Қыс қамыңды жаз ойла.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Дауыссыз дыбыстарды анықта».**<br>Ойын шарты: «Қантар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», | **1.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту.<br>***Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша»***<br>Ойын шарты: қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді.<br>***Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»***<br>Жаттығу шарты: жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл дөңгелекті көтереді.<br>***Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).***<br>Ойын шарты: бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өleңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.<br>Мысалы:<br>«мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Дәптердегі тапсырмаларды орындау<br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Пішіндердің атауларын:дөңгелек,сопақша,үшбұрыш,шаршы,тіктөртбұрыш денелердің атауларын: текше,шар,цилиндр бекіту,пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат». Жұптық жұмыс.**<br>Ойын шарты:<br>Үстелдерде пішіндердің:дөңгелек, | жіңішке, жиегінде «жағасы» бар, «отбасымен» топтасып өседі.<br>**Бірінші : «Саңырауқұлақты қалай дұрыс жинаймыз?»** тақырыбында жасалған сызбалық суретпен жұмыс істейді.<br>**Екінші : «Саңырауқұлақ кімгекажет?»** суретімен жұмыс істейді.Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкалардың көмегімен бірнеше топқа бөлінеді; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдер мен жануарлардың атауына қарай. Пышақпен кесу қажет. Қолмен жұлуға болмайды. Улы саңырауқұлақтарды алуға болмайды.<br>Себетке мұқият салу керек.<br>Саңырауқұлақтармен бұландар, тиіндер, құстар, кірпілер, шырыштылар, ұлулар, бақалар қоректенеді. Оларды адамдар да | 5. Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт-дәстүрлер).*<br>***Дидактикалық жаттығу: «Тиісті белгіні көтер»***<br>Педагог жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда қара түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда қызыл түсті дөңгелекті көтереді.<br>Мысалы: (*а, ө, о , і, и, ұ, ы, э, е, у, э, у).*<br>***Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер»***Балалаларға ұяң (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар(д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.] Сол сияқты басқа да дыбыстармен ойнатса болады.***Дидактикалық*** | «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.<br>Мысалы:«мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>«Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Дәптердегі тапсырманы орындау<br>**2. Қоршаған ортамен таныcу**<br>**Міндеті:**<br>Ағаштың,бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірлерінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай айыра білуге үйрету.<br>**«Тізбек» ойындық жаттығуы**<br>Біздің үйімізге нан қайдан келді? (Дүкеннен.)Ал, дүкенге қалай түсті? (Наубайханадан.) Наубайханада не істейді? (Нан пісіреді.) Нанды неден пісіреді? (Ұннан.)Ұнды неден істейді? (Бидайдан.) Бидай қайдан алынды? | допты, кері лақтырады. (Ойынға барлық бала қатысады.) Мысалы: *ррradио(р),ууулдырық(у) ааалма(а), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с), қққыс(қ), аааажапқыш(а),тттышқан(т), сссазан(с), өөөшіргіш(ө),жжжұлдыз (ж), жжжастық(ж), дддиректор(д),жжжарық(ж),шшшұлық(ш), мммектеп(м), ууууыз(у), ттттүйін(т),қққолшатыр(қ), бббақа(б), иииіт(и),* т.б<br>***Дидактикалық жаттығу: Жуан дауысты дыбысты тап***<br>–Ойын шарты:Балалар, жуан дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар.<br>Мысалы: *гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Үлбала, қайшы, ұя, ыдыс, оқтау,аққу, әтеш, тауық, Ұлжан, көбелек, ымырт, Алтамыс, айна, етік, қарлығаш, ұлу, жүген,түйе, ұста, ожау, тамаша, алмұрт, ірімшік, сыпырғыш,Олжас,жылан отын, алақан*<br>**Дәптермен жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үшбұрыш,шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта жатыр.<br>Кез келген бала хат қалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.<br>Одан кейін рөлдерімен ауысады.<br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны**<br>Ойын шарты:зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса,онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрысболса – қол шапалақтайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1,2-тапсырмаларды орындау<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөздерге дыбыстық талдау жасай білу дағдыларын бекіту.<br>**Дидактикалық ойын** | жейді.<br>**2.Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Өз іс-әрекетін айта алуға үйрету.<br>Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру.<br>**Сөздік ойын: «Жалғасын тап».**<br>Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.<br>*Таңертең ... (тұрамын).*<br>*Бетімді ... (жуамын).*<br>*Тісімді ... (тазалаймын).*<br>*Жаттығу ... (жасаймын).*<br>*Шашымды ... (тараймын).*<br>*Киімімді ... (киемін).*<br>*Мектепке ... (барамын).*<br>**Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін».**<br>Берілген тақырып бойынша 5 сөз құрайды.<br>**Ойын: «Мен не істегенімді айтпаймын, көрсетемін».** Балаларға жаттығу жасау, тамақ ішу, ән айту, билеу, сурет салу, ұйықтау дегендерді қимылмен көрсетеді, балалар не істегенін айтады. | ***жаттығу: «Кім зейінді?»***<br>– Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрыштыны, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк, жуан дауысты дыбысты айтсам, сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер.<br>Мысалы: « а-, -й-,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Салт дәстүрлердің қандай түрі бейнеленген? Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді ата. Буынға бөл.<br>2. Дыбыстық талдау жаса.<br>**2. Математика** | (Сабақтан.)<br>Бидай сабағы қайдан шықты?(Егіс алқабында өсірілді).<br>**«Тұқым» ойыны:**<br>Ойын шарты: музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды.Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? | 1. Суретке қара. Сызба бойынша үш сөйлем құра.<br>2. Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін салыстыру, ұқсатығы мен айырмашылығын табуды, өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>**Жұптық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны**<br>Ойын шарты:үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде бір немесе екі заттың орындарына ауыстырады. Балалар көзін ашып,қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады. Балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Жалпы атауын айт»**<br>1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... *(ыдыстар)*<br>2. Карамель, ирис, шоколад – ... *(кәмпиттер)*<br>3. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... *(саусақтар)*<br>4. Күрте, пальто, тон, плащ – ... *(киім)*<br>5. Тымақ, қалпақ – ...*(бас киім)*<br>**Дидактикалық жаттығуы «Тиісті белгіні көтер»**<br>Ойын шарты: Балаларға жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды араластырып айтады, балалар жуан дауысты дыбысты айтқанда, сары түсті дөңгелекті, жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда,қызғылт сары дөңгелекті көтереді.<br>**Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)**<br>Ойын шарты: Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала | 1.Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Арман таңертең не істеді?<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу.<br>**Жұмбақ**<br>Қардай аппақ, мамықтай жұмсақ. Ол не? *(Мақта)*<br>**Мақта**-жұмсақ, аппақ болады. Мақтадан киім дайындайды, көрпе жасайды. Бүгін біз мақта туралы **Ыбырай Алтынсарин атамыздың «Бір уыс мақта»** деген қызықты әңгімесін есе түсіреміз.<br>**Дидактикалық ойын: «Біздің көңіл - күйіміз»**<br>Мақсаты: балаларды суреттегі бет- әлпет бойынша ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету.<br>Көңіл күйді білдіретін сөздерді дұрыс | **негіздері**<br>**Міндеті:** Пішіндердің атауларын:дөңгелек,сопақша,үшбұрыш,шаршы,тіктөртбұрыш денелердің атауларын: текше,шар,цилиндр бекіту,пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>**Ойын жаттығуы. «Пішінге ұқсас зат».**<br>**Жұптық жұмыс.**<br>Ойын шарты:<br>Үстелдерде пішіндердің:дөңгелек, үшбұрыш,шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған хатқалта жатыр.<br>Кез келген бала хат қалтадан пішінді шығарып,оны атайды,ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.<br>Одан кейін рөлдерімен ауысады.<br>**«Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны**<br>Ойын шарты:зат пен форманы атайды.<br>Мысалы, «доп | (Билай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)<br>**«Тағы кім?» ойыны**<br>Ойын шарты: Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Ертегі мазмұнын интонациямен мазмұндау арқылы сахналауға баулу. Театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгеру.<br>**Жұмбақ**<br>Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. *(Әтеш)*<br>Жолбарысқа ұқсайды. Тек тышқанды ұстайды. *(Мысық)*<br>Өзі айлакер, өзі бір қу. Жүрген жері айғай-шу. *(Түлкі)*<br>**Орыс халқының «Мысық,әтеш және түлкі»** | ынталандырады.<br>Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағындатұр,т.б.<br>**Жұппен жұмыс:**<br>Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар.<br>**Ойын жаттығуы. «Өз өрнегің туралы айтып бер».**<br>Ойын шарты:Балалар пішіндерді қарап,олардың орналасуын атауы тиіс.<br><br>Мысалы:оңжақтағы жоғарғыбұрышта – дөңгелек,солжақтағы жоғарғы бұрышта шаршы,сол жақтағы төменгі бұрышта – сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.<br>**Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлықозғалыстар»**<br>Ойындыбөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызадынемесе оларды арқаннан салады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы:( ас-пан, кі-тап, ба-лық, ба-ла). Ойынды өзгертуге болады.<br>**Ойын жаттығуы «Кәне, тауып көр»**<br>Ойын шарты: Балалар мен сендерге сөз, буын, дыбыс айтамын, сендер алдарыңдағы сызбадан мен не айтсам, соны дыбыс па, сөз бе, буын ба анықтап, сызбасын көтересіңдер.<br>Мысалы:<br>[р], -ба-, аққала, ар-, ос-, қа-, [с], [т], [к], та-, сн-, ар-, алма, сабақ, жаңа, дә-, мы-, мон-, [г], [ш], сөз, кез, бала, жа-, ус-,ші-, то-, ки-, [з], [и], са-, ша- , ет, елік, бесік, күнбағыс, ұр-, мн-, лек-, діз-, тик-, қып-, дол, қол, бол, сал, мал, тау, қы-, тық-, см-, ек-, ,іс-, діз-, ік-.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Суретте бейнеленген | айтқызу.<br>Шарты: бет- әлпеттің мимикасына қарап, көңіл күйді білдіретін сөздерді бөліп айтады. Сөйлем құрайды, әр түрлі көңіл күйді білдіретін сөттерді салу.<br>Күліп тұрған бала<br>Ренжіп тұрған бала<br>Аузын ашып тұрған бала .Аузын томпайтып тұрған бала т,б суреттер<br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге үйрету, қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова).Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс» (Қ.Шілдебаев) Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру.«Вальс» – | дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса,онда балалар қолын айқастыра кеуделеріне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрысболса – қол шапалақтайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>3,4-тапсырмаларды орындау<br>**3. Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту<br>**Ойын: «Сиқырлы қоржын».** ( Ішінде кесе, қасық, тәрелке).<br>Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.<br>Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай).<br>**Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет».**<br>Ойын барысы: | **Ертегісін мәнерлеп оқу**<br>Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.<br>**«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты шығарған соң атын атап, түсін айтады.<br>**Дидактикалық ойын «Мен қандаймын»**<br>Ойын барысы:<br>Балаларға сұрақ қойылады сәйкесінше балалар сол сұраққа жауап береді<br>– Сен қандай баласың? *(Мен әдепті баламын.)*<br>– Армин, сен қандай баласың? *(Мен жақсы баламын.)* т.б. | (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейдіжәне т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғыжәне төменгі жағын шартты түрде белгілейді.Тапсырманы осы балалардың қолына бередіжәне қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, шапалақтайды.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1,2-тапсырмаларды орындау<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>**Міндеті:** Заттарды балалардың ойлауы бойынша бейнелеуге ою-өрнек құрастыру, жапсыру, суретін салу, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Балаларға «Алдар-Көсе мен бай» ертегісін мәнерлеп оқу**<br>**Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс жасау**<br>**Дидактикалық ойын:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттарды ата. Буынға бөл. Тиісті сызбамен қос.<br>2. Суреттерге қара. Ө дыбысы бар сөздерді ата. **Өтіз, көл** сөздеріне дыбыстық талдау жаса.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушылықты қалыптастыру.<br>**«Аңшылар із кеседі»** – жерге жорғалау мен таяқты әртүрлі қалыпта ұстап жүру, жүгірумен алмастыру. Аң ізімен келе жатқан аңшының қимылдарын жасайды. Дала кезіп жүгіреді. Тынысын қалыпқа келтіреді де, әртүрлі қимылдарды Педагогтің нұсқауымен орындайды. Қысқа найзаларын (таяқтарды) алып, жаттығулар жасайды.<br>1.Сапта арақашықтықты сақтап, таяқпен орындалатын жалпы дамыту | би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді.**Ән айту:** «Айнала ақпа қар» (И. Мамақов).**Билер:** «Қоян би» (В. Питерцев).Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын үйренеді, «шөп жұлу», «үрку»,«айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді.<br>(өңдеген Т.Попатенко). | Балаларға киім түрлері мен суреттері беріледі. Айтылған киімді қайталап суретін тақтаға іледі<br>1.Суретке қара. Сұраққа жауап бер.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету.<br>**Сырықтар жерде жатыр.**Қол жаттығуларын орындай отырып, шеңбер бойымен «құрықтарды» аттап жүру. Аяқты санмен 90° көтеріп, аяқты алдымен ұшына, сосын өкшеге түсіріп қою. Ырғақпен, қолды еркін ұстап, кідірістеп тыныс алып жүгіру.<br>**Секірулер:** сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ішкері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ықтыр-қағып ал». (10 рет) Допты | **Дәптермен жұмыс:**<br>1.Ертегінің мазмұнын сурет бойынша баянда.Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі? Мысықтың, әтеш пен түлкінің дауысын және жүрісін сал.<br>2.Қай аң жасырынғанын тап.<br>**4.Музыка**<br>**Міндеті:** Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова).<br>Балалар шеңберде жүріп, музыкаға ілесіп қимылдар жасайды.<br>**Музыка тыңдау:** «Вальс» (Қ. Шілдебаев). Балаларға Қ. Шілдебаевтың суретін көрсетіп, оның өмірі туралы қысқаша мәлімет беру.<br>«Вальс» – би музыкасы, көбіне ол музыкаға жұптасып билейді.<br>**Ән айту:** «Айнала ақпа қар» (И. Мамақов). | **“Қандай пішін жетіспейді?”**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>Шарты: Түрлі суреттер беріледі. Ол суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтырып, сәйкес пішіндерді түстері бойынша тауып орналастыру.<br>**«Фотоаппарат» ойыны.**Ойын **шарты:Сұрақтарға жауап беріп суреттерді тақтаға ілу**<br>1)Жан-жағына алақ-жұлақ етіп келе жатқан аң?<br>2)Апанында ұйықтап жатқан аң?<br>3) Ағаштың басында жаңғағын кеміріп отырған сүйкімді аң?<br>4)Аяғының ұшымен, білдірмей жүріп, құлығын асырып жүретін аң?<br>Балалар шығармашылығы<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** Талдап ойлау,қалыптан тыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларын орындайды (№2). Екі тізбекке, бір қатарға сап түзеп тұру. Педагогтің айтқандарын бұлжытпай орындауға тырысады.<br>Бүкіл жаттығулар кешенін орындап біткеннен арқасын түзу ұстауға тырысады. Таяқшалардан жол салып келесі жаттығуларды жасауға дайындалады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аңшылар мен қояндар»<br>Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын | | лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады. Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады.<br>Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді. | **Билер:** «Қоян биі» (В. Питерцев).<br>Балалар музыкаға ілесіп қоянның қимылдарын үйренеді, «шеп жұлу», «ұрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарды үйренеді. | шешімдер қабылдай білуге, ептілікке, күш пен төзімділікке, алған білім-біліктерін өмірде қолдануға баулу.<br>1.Сапқа және тізбекке бір-бірден тұрады, тізбекпен жүру: тізені жоғары көтеріп жүру; тоқтамастан баяу қарқынмен жүгіру (1,5 минут).<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>«Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу. «Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу – дем шығару.<br>Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру.<br>Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқап басады, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. Жаттығуды орындағанда ауеде бейнелеуге саусақпен жүргізіп, сурет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауыстырады. | | | | салып көмектесу.<br>**Координацияны дамыту жаттығулары: «Көз-қол»**<br>**1.«Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен (6 рет).**<br>**2.көздерімен сағат тілімен 6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңбер салу.** |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту Сақтық шаралары.Жолда жүру ережелері Жолда жүгірме,бөгелме,бөгде адамдармен сөйлеспе! | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту, ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру<br>Этика – эстетика, мәдениет, жеке бас гигиенасы,Жолда жүру ережелері туралы ескертулерді күнделікті ескерту | Ата-аналарға балалардың жетістіктерін айту,ертегі немесе әңгіме айтуға кеңес беру | Жолда жүгірме,бөгелме,<br><br>бөгде адамдармен сөйлеспе! |